

"Казахстанская горнодобывающая компания Чжуннань" ЖШС-ға қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 17 шілдедегі № 191 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағы 10) тармақшасына, 37-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына, 69 бабы 4-тармағына, 71-1 бабы 2-тармағына және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің 2025 жылғы 19 маусымдағы № 3385-ЕЛ пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензиясына негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Казахстанская горнодобывающая компания Чжуннань" ЖШС-ға пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 216 гектар жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай 2031 жылдың 19 маусымына дейін қауымдық сервитут белгіленсін.

2 "Хромтау ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Хромтау ауданы әкімінің орынбасары А. Райысұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің м. а.

С. Жаконов